

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Феноменология





Мақсаты: философиялық ағым ретінде қалыптасқан феноменологияның әдебиеттану ғылымындағы ерекшелігі жөнінде түсінік қалыптастыру, көркем шығарманы автор мен оқырман санасының диалогі ретінде қарастырып талдауды түсіндіру.

Кілт сөздер: сана, автор, оқырман, мәтін, феномен, әлем, болмыс.

Феноменология дегеніміздің өзі не? Оның әдебиетке қатысы қанша? Біз мына айнала болмысты қалай қабылдаймыз, ол туралы не ойлаймыз және соған сай қалайша әрекет етеміз? Аталмыш сұрақтардың жауабын көрнекті зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып табуға тырысамыз.

Бір сөзбен айтқанда, бұл – сана тура ғылым. Сананың табиғатына үңіліп, түсіну процесінің сырына қанығуды көздейді. Философияда саналылықты арнайы зерттеу нысанына алатын мектепті «феноменология» деп атайды. Сонымен бірге, ол этика мәселелерін де қарастырады. Жалпы, саналылық пен этика – егіз ұғымдар. Мына нәрсеге таңғалудың қажеті жоқ: аса маңызды этикалық мәселелерді сарапқа салған философтардың бәрі дерлік адамның санасы мен оның қалайша жұмыс істейтіндігі туралы бас қатырған. Ой айтып, тұжырым жасаған. Өйткені, екеуі де егіздің сыңарындай, құстың қос қанатындай қатар жүретін ұғымдар. «Феномен» грек сөзі болып табылады, ол айнала болмыстағы заттардың біздің санамыздағы көрінісі. Ал феноменология аталған ментальді құбылыстар мен образдарды зерттейтін пән. XX ғасыр философиясындағы аса күрделі әрі көптеген ағымдар мен бағыттардың ішінде аса ықпалды бағыттардың бірі ретінде аталынады. Ал оның негізін немістің әйгілі философы Эдмунд Гуссерль қалаған әрі классикалық бағытқа айналуына да осы ғалымның қосқан үлесі орасан. Гуссерльдің концепциялары феноменологияның дамуына жол ашып, ғылыми қауымның назарын аударды. Эдмунд Гуссерль әлем дегеніміздің өзі әлемнің санадағы құбылуы деген көзқарасты алға тартты. Ал әлемді танып білгісі келетін кез келген зерттеуші ең алдымен әлемдегі құбылыстар мен заттарды емес, солардың бәрін ұғынудағы сананың нақты әрекеттеріне назар аударуы тиіс деп санады. Осы әлемнің санада құбылуы феномен болып табылады екен. Болмыс, қоршаған әлем оның санада құбылуы ретінде алынғанда ғана шындыққа, шынайы ақиқатқа жете аламыз деген идея феноменологияны ту еткен ғалымдардың басты тұжырымдарының бірі болды. Міне, осы арқылы олар сананы жүйелі зерттеуді мақсат етеді. «Сана – біз күмәнсіз сене алатын бірден-бір феномен. Объектілерді түйсінуімізден бастап, математикалық формулаларды білуге дейінгі дүниелік тәжірибеміз санада қалыптасады. Қалыптасудың осынау процесіне анықтама беру үшін біз дүние туралы білімімізді жиып қоя тұрып, бұл білім қалай немесе қандай процестің көмегімен туындады деген сұрақ қоюымыз керек» [1; 436]. «Міне, осыны түсінгенде ғана феноменологиялық редукция жасалады. Ондай жағдайда өзге әлемнің бәрі жақшаға шығарылып, зерттеуші оның санадағы бейнесімен ғана қалады. Осы бейнені зерделеу барысы интенционалдық талдау деп аталады. Мұндай талдаудың негізінде бір жағынан белгілі мағынасы бар сананың объектісі бөлінсе, екінші жағынан, құбылудың өзгермелі тәсілі, сананың өзгермелі нұсқалары дараланады. Бұл бір-біріне тәуелді құбылыстарды Гуссерль ноэзис және ноэма деп атайды. Ноэзис – сананың интенционалдық нұсқасы, ноэма – санаға өзгеріс енгізетін оның нақты мағынасы. Сөйтіп, феноменологиялық редукция арқылы сананың ноэтикалық және ноэматикалық құрылымын суреттеуге болады» [2; 288].

Субъективті тәжірибеден тыс тұратын, яғни санадан тыс тұратын объективті шындық туралы пікірден бас тартатын Эдмунд Гуссерльдің философиядағы басты тұжырымдарын санамалап өтейік.

Біріншіден, сана – тұйықталған жаратылыс емес, тұрақ тауып, қатып-семіп қалған статикалық дүние емес, ол шексіз, ұшы-қиыры жоқ ағын. Сана үнемі белгілі бір нәрсеге бағытталып отырады.

Екіншіден, сананың ең басты сипаты – интенционалдылық. Ал интенция дегеніміз – сананың затқа бағытталуы. Егер санадан тыс болмыс жоқ десек, іс жүзінде таза сананың болуы да мүмкін емес. Сананың затты қабылдауы бұл орайда бәрінен де маңызды болып есептеледі.

Үшіншіден, сананың бірлігі феномен. Жоғарыда айтқанымыздай, айнала болмыстағы заттарға емес, адам санасындағы заттар мен құбылыстарға назар аударғанда ғана ақиқатқа жетеміз деген ой айтады.



Феноменологиялық тұрғыдан алып қарағанда, әлемді тұтас әлем күйінде қабылдай алмаймыз. Олардың пікірінше, әлем дегеніміз – адам санасындағы феномендердің үйлесім табуы. Бәрі адам санасымен тікелей байланысты. Біз әлемді емес, адам санасының әлемін зерделеуіміз керек екен. Осы секілді тұжырымдардың түйінін Эдмунд Гуссерль мына сөйлемге сыйғызып жіберген: «Субъектісіз объекті де жоқ».

Аталған формула мынадай ойға жетелейді. Әлемдегі заттар мен құбылыстарды қабылдаған кезде адам оған әрдайым «өзіндік» мазмұнын үстейді, сонымен бірге, әлем адам санасы арқылы ғана игеріледі. Осы тұжырымдаманың негізінде феноменологиялық зерттеулердің жалпы әдістемелік принципі жатыр. Ол былай: айнала болмыстағы объективті әлемнің бәрін біздің санамыздың феномендері ретінде қабылдамайынша олардың шынайы бағасын бере алмаймыз. Әлемдегі заттар мен құбылыстардың бәрін адам санасында қабылданатын құбылыстармен ұштастырып зерделегенде ғана дұрыс болмақ. Феноменологиялық зерттеу процесіндегі мұндай методологиялық ұстаным сананың қабылдау тәжірибесіне кірмейтін құбылыстардың бәрін жұмыстың өзіне тікелей қатысы жоқ деп есептейді. Ал мұндай методологиялық принцип феноменологиялық редукция деген атаумен белгілі болды.

Феноменологиялық философияның қағидаларына сүйенген әдебиеттанушы ғалымдар көркем шығарманы талдаудың өзгеше бір теориясын және көркем мәтінмен жұмыс істеудің өзіндік методологиясын қалыптастырды. Әмбебап феноменологиялық әдебиет теориясының өзегінде шығарма туралы дохайтеггерлік герменевтикаға қатысты таласты пікір жатыр: көркем шығарма өз ішіне толған мән-мағыналарды эстетикалық нысан болып саналады. Онда сананың феномені бар. Әдеби туынды сананың және оның нақты әрекетінің жемісі. Басқаша айтсақ, шығарма жай нәрсе емес, ол индивидуалды санада туған субъективті феноменді танытады және мұнсыз ешқандай шындық шынайы болып есептелмейді. Көркем шығарманы субъективті сананың жемісі ретінде қарастыратын феноменология автор мен оқырман арасындағы байланысқа айрықша назар аударады. Автор – шығармашылық сананың өкілі, ал оқырман қабылдаушы сана өкілі ретінде қарастырылады. Сонымен, егер көркем туынды авторлық сананың феномені ретінде зерделенетін болса, онда автордың санасындағы әлем мен оның көркем шығармашылық процеске тигізер әсері зерттеушілердің назарын алдымен аударуға тиіс. Көркем әдеби шығарманың табиғатындағы автор сана-сезімінің орны талқыға түсіп, мәні анықталғанда ғана ғылыми негізді тұжырым жасауға болады. Мұндай жағдайда әдеби туындының жазылуына түрткі болған авторлық сана арнайы талдау нысанына алынып, зерттелінеді. Мысалы, қиялдау, елестету, жадыда қайта жаңғырту, еліктеу, әлемді қабылдау және өз-өзін тану деген секілді ұғым-түсініктер феноменологияда жиі ұшырасатын терминдер болып саналады.

Ал егер көркем шығарма оқырман санасының феномені ретінде зерделенетін болса, онда көркем шығарманың оқу үдерісінде қандай өңдеулерден өтетіні және сонымен бірге оқырман үшін қандай құбылыстар маңызды болады деген сұрақтарға жауап ізделінеді, яғни бұл кезде оқырманның тұлғасы биіктей түседі де, басты орынға оның қабылдауы алға шығады. Мұндай жағдайда көркемдік қабылдауды қамтамасыз ететін сана әрекетінің үйлесімділігі, біртұтастығы зерделенеді. Бұл, мысалы, қиялдау, эстетикалық әсер, түсінік, кейіпкермен сәйкестену т.б. деген секілді ұғымдар болуы мүмкін.

Әдебиетті феноменологиялық тұрғыдан қарастыру дегеніміз – көркем шығарманың танымдық бірліктеріне немесе саналылығына көңіл аудару деген сөз, шығарманы талдаушылар ондағы кейіпкерлердің сезінуі мен ойлау жүйесіне ерекше ден қояды.

Әрбір әдеби-мәдени өнер туындысындағы суреттелген кейіпкерлер, идеялар мен әрекеттер оқырман сезіміне қозғау салып, түрлі пайымдауларға жол ашады, пікір қалып-тастырып, дүниетанымын кеңейтеді. Осы арқылы өз аудиториясына ықпал етеді. Кейбіреулері симпатия туғызса, ал кейі көңілге қорқыныш ұялатады. Кейбір әдеби шығармалар оқырмандарын моральдық ұстанымдармен суарып, соған бекем болуға баулиды. Кез келген шығарма суреттелген оқиғалар арқылы аудиторияға белгілі бір сезім сыйлайды. Көз жасы, күлкі және көңілдің алай-дүлей күйге түсуі әдеби шығармалар тудыратын ең айқын реакциялардың қатарына жатады. Сонымен бірге, жағымсыз бейнелер мен оғаш қылықтардың әсерінен туындайтын теріс пайымдаулар да сөз өнеріндегі белгілі реакциялар санатына кіреді. Көркем шығармадағы ерлік істер мен қайырымды кейіпкерлердің әрекеттері бізді мүлдем басқаша



әсерге бөлейтіні жасырын емес. Міне, осындай ішкі мағыналық бірліктерінің арқасында кез келген көркем шығарма тұтас бір әлем болып саналады.

Оқырмандарды сендіру – кез келген мәдени туындының ең бірінші орындауға тиісті риторикалық актісі. Дегенмен өмірдің көркем өнерге нысан болған құбылыстарының бәрі де автордың аудиторияның мақұлдауына ұсынған бағалаулары мен құндылықтары болып табылады. Әрбір әдеби туынды автордың оқырманды келісуге немесе бас тартуға шақырған дүниетанымдық жүйелері екені ақиқат. Суреттелген әрбір құбылыс, соның ішінде көркем шығарма да қосылуы не алынып тасталуы, қолданылуы не қолданылмауы мүмкін әртүрлі бөлшектердің арасындағы таңдаудың жемісі. Осы секілді әрбір таңдау бағалау әрекеті боп табылады. Себебі автор өзі жазып жатқан оқиғаға қайсы элементтің сай келетінін және іздеп жатқан эффектте қандай элементтің тура келетінін өзі шешеді. Әдеби шығарма жазу үшін міндетті түрде осы сияқты бағалау құбылыстарын қатыстыру керек. Мұндай бағалаушылық сипаты бар бөлшектердің бәрі де автордың дүниетанымынан, оның рухани-интеллектуалдық әлемінен хабар беріп тұрады. «Автордың идеялық нысанасы, көзқарасы, ұғым-түсініктері, наным-сенімдері, көркемдік принциптері, суреткерлік шеберлігі бәр-бәрі кең, толық мағынасында, әрине, шығарманың өн бойынан, бүкіл құрылыс-бітімімен, идеялық-көркемдік сипатынан танылады. Автордың үні қандай шығармада болса, сезіліп отырады. Шығармадағы шындық көркем логикаға сәйкес бейнеленеді десек, сол логиканың өзі автордың ұғым-түсінігіне сай келетіні және талассыз. Автордың ой-сезім дүниесінен екшеліп өтіп, талғамның таразысына тартылып барып өмір шындығы нағыз көркем шындыққа айналады» [3; 32].

Мысалы, Джеймс Джойс өзінің шығармасында жөйт халқының өкілін романның басты кейіпкері етіп, оны мейірімді әрі қайырымды қып көрсетеді. Жазушы осындай таңдау жасап, баға берді. Антисемитизм ушығып тұрған тұста Джойстың осындай элементтерді әдейі таңдауы мәдени контексте белгілі бір деңгейде арандатушылық боп саналды. Осылайша Джойс ирланд мәдениетінің аспектілерін сын тезіне алады. Оның таңдауы мен бағалауын Эдит Уортонның «Көңілді үйде» шығармасындағы бағалаумен салыстырып көріңіз. Уортонның қаһарманы Лили Барт – англосаксондық өзін-өзі идеалдандырудың нақты көрінісі.

Жазушылар көркем шығармаларда оқырмандардың сенімін бекітіп, оны нығайтуға ұмтылмайды. Олар белгілі бір сенімнің типтерін жасауға тырысады. Олар жағымды не жағымсыз ой-пікірлер мен сезімдерді туғызумен сипатталады. Уортон Розедальға ұнамды атрибуттарды иемденуге мүмкіндік береді, бірақ оның сын есімдерді таңдауы аудиторияға өзінің сипаты бойынша теріс пікірге келуіне жол ашады. Баяндау дауысы оның санасынан тыс қалады және біз әлемді оның көзқарасы тұрғысынан көрмейміз.

Кітап оқып немесе кино көріп отырғанда біз тек қана пассив қабылдаушылар болмаймыз, сонымен бірге белсенді оқырман әрі көрермен боламыз. Біздің санамыз осыған дейінгі көргеніміз бен көңілге түйгенімізді, оқығанымыз бен көңілге тоқығанымызды басқа қырынан түсінуге мүмкіндік береді. Иммануэл Кант, Эдмунд Гуссерль және Альфонсо Лингис сынды философтар сана өзіне тиесілі болған ресурстарды пайдалана отырып тәжірибе жинақтайды деген пікірге тоқтаған. Мәдени талғам көбіне әлеуметтік, географиялық немесе гендерлік сипаты тұрғысынан ерекшеленеді. Әр мәдениеттің өзіне тән ерекшелігі ол халықтардың тұрмыс-салтына, ортасы мен айналысатын шаруашылығына қарай әртүрлі боп келуі заңды құбылыс. Біздің бәріміз ой-тәжірибелерімен бөлісетін әрі әлемді белгілі бір деңгейде біркелкі көретін «интерпретацияланған қауымдастықтардың» өкіліміз. Бұл топтар ұлттық немесе этникалық болуы мүмкін. Кейде белгілі бір ұрпақтар толқыны мен гендерлік не болмаса мәдени сипатта болуы да ықтимал. Тіпті оның білім деңгейі мен мамандығына қатысты топтары да кезігеді. Мысалы, Джон Мильтон өзінің «Жоғалған жұмақ» деп аталатын шығармасында христиан дінінің өкілдеріне таныс библиялық сілтемелер мен мотивтерді көптеп ұсынады. Өйткені ол өз оқырмандарының түсінетінін де жақсы біледі, яғни ұсынып жатқан шығармасын қауымның белгілі бір деңгейде дұрыс түсіне алатынын жақсы біледі.

Жалпы алғанда, автордың ойы мен қиялының жемісі болып саналатын көркем шығарма мен оны қабылдаушы оқырман арасында күрделі байланыс орнайды. Феноменология автор, шығарма, оқырман арасындағы үшжақты қатынасты сана феномені ретінде қарастыратын болса, оның басты мынадай арналары болатыны кәдік. Біріншіден, феноменология шығарманы автор санасының феномені ретінде, екіншіден, шығарманы сана-сезімдер диалогінің феномені



ретінде, үшiндiден, әдеби туындыны оқырман санасының феноменi ретiнде алып қарастырады. Сондай-ақ, шығарманы оқырман санасы мен мәтiн арасындағы диалог ретiнде және автор мен оқырманды мән туғызушы субъектiлер ретiнде қарастыратын кездерi де болады.

Тақырыпты пысықтау үшiн қойылатын сұрақтар

1. Эдмунд Гуссерльдің феноменологияның басты концепциясын сыйғызған бiр ауыз сөйлемi қандай? Сiз оған келiсесiз бе?
2. Феноменологияның назар аударатын басты бiрлiктерi нелер?
3. Өзiңiздiң сүйiктi шығармаңызды феноменологиялық тұрғыдан талдап берiңiз.

Ұсынылатын әдебиеттер тiзiмi

1. Оксфорд сөздiгi. Әлеуметтану. – Алматы, ЖШС «Қазақстан» баспа үйi», 2002, – 632 бет.
2. Мәдениеттану сөздiгi. Алматы. 2001. – 332 б.
3. Әдебиеттану. Терминдер сөздiгi (Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев) Алматы: «Ана тiлi», 1998. – 384 б.